Эмитенттің Директорлар кеңесі күшін жою мақсатында сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, сатып алуды Эмитент осындай шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Облигацияларды күшін жою мақсатында сатып алу Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Облигациялардың күшін жою мақсатында сатып алу күнінен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жинақталған сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, номиналды құны бойынша теңгемен жүзеге асырылады. Облигациялардың күшін жою мақсатында сатып алу кезінде номиналды құн мен жинақталған купондық сыйақыны Облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген тұлғалар күшін жою мақсатында сатып алу күнінің алдындағы күннің басындағы жағдай бойынша алуға құқылы.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алу немесе күшін жою мақсатында сатып алу туралы шешім қабылдауы Облигация ұстаушылардың Эмитентке өздеріне тиесілі Облигацияларды сату міндеттемесінің туындауына себеп болмайды.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Облигациялар шығарылымының күшін жою туралы шешімді Эмитенттің бағалы қағаздардың қайталама нарығында барлық Облигацияларды сатып алуы кезінде Директорлар кеңесі қабылдайды.

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

1) эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы

Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Эмитент келесі қосымша ковенанттарды (шектеулерді) сақтауы тиіс:

-Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартта және (немесе) «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;

-Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартта және (немесе) «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу.

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитент іс-әрекетінің тәртібі

Осы тармақта көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Эмитент бұзушылық басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ішкі құжаттарында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Эмитенттің (www.kdb.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою әдісі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, осы бұзушылық туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

12-тармақтың 12.3-тармақшасында көрсетілген өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша талаптарын қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейінгі күнтізбелік 45 (қырық бес) күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды, онда сатып алу күні мен сатып алуға жататын Облигациялар саны көрсетіледі. Сатып алуға жататын Облигациялар санын Эмитент Облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша сатып алу талаптары негізінде ғана айқындайтын болады.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Эмитенттің ішкі құжаттарында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Эмитенттің (www.kdb.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы бұл туралы Облигация ұстаушыларына хабарлайды.

Орналасырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде жүргізуі тиіс. Сатып алу Облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізіледі.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



3) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигация ұстаушылар іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі

Осы проспектіде көзделген шектеулерді (ковенантты) бұзған және/немесе Эмитенттен осындай бұзушылық туралы ақпарат алған жағдайда, Облигация ұстаушылардың кез келгені Эмитенттің шектеулерді (ковенанттарды) бұзғаны туралы ақпарат алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 10(он) күн ішінде 12-тармақтың 12.2-тармақшасында көзделген тәртіппен Эмитентке (Эмитенттің орналасқан жерінің мекенжайы бойынша) өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы тиісті жазбаша талап беру жолымен өзіне тиесілі Облигацияларды жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, номиналды құнға сәйкес келетін баға бойынша немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған Облигациялардың нарықтық бағасы бойынша (мұндай баға болған кезде), олардың ең үлкен шамасына байланысты сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Облигацияларды ұстаушы жазбаша талапты еркін нысанда мынадай деректемелерді көрсете отырып береді:

-заңды тұлға үшін: Облигация ұстаушының атауы; бизнес сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті (анықтаманы) беру күні және беру органы; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефон нөмірлері; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;

-жеке тұлға үшін: Облигация ұстаушының тегі, аты және бар болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген орган; тұрғылықты жері; телефон нөмірлері; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі. Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың проспектіде көрсетілген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқығы бар.

13. Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

1) облигациялар конвертацияланатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар

2) облигацияларды конвертациялау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланатын болса, конвертациялаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланбайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі)

Банктер туралы заңның 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға конвертациялау талаптарын көрсетеді

Жатпайды

14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:



1) осы мүліктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

Облигациялардың бұл шығарылымы қамтамасыз етілмеген.

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

Облигациялардың бұл шығарылымы қамтамасыз етілмеген.

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

Облигациялардың бұл шығарылымы қамтамасыз етілмеген.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген тұлғаның деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе)

Облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері

Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат агроөнеркәсіптік кешенде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі жобаларды қаржыландыруға бағытталатын болады.

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

Қолданылмайды. Облигациялар «жасыл», әлеуметтік, орнықты даму облигациялары немесе орнықты дамумен байланысты облигациялар болып табылмайды.

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

Қолданылмайды. Облигациялар «жасыл» болып табылмайды.

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Қолданылмайды. Облигациялар әлеуметтік болып табылмайды.

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Қолданылмайды. Облигациялар орнықты дамуға байланысты облигациялары болып табылмайды.

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері

Қолданылмайды. Облигациялар «жасыл», әлеуметтік немесе орнықты дамуға байланысты облигациялары болып табылмайды.

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

Қолданылмайды. Облигациялар «жасыл», әлеуметтік немесе орнықты дамуға байланысты облигациялары болып табылмайды.

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

Қолданылмайды. Облигациялар орнықты дамуға байланысты облигациялары болып табылмайды.

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

Қолданылмайды. Облигациялар орнықты дамуға байланысты облигациялары болып табылмайды.

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

Қолданылмайды. Облигациялар орнықты дамуға байланысты облигациялары болып табылмайды.

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

Қолданылмайды. Облигациялар орнықты дамуға байланысты облигациялары болып табылмайды.

8) Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Қолданылмайды. Облигациялар инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Мемлекеттік тіркеу күні

Мемлекеттік тіркеу нөмірі

Облигациялардың түрі

Саны

Көлемі

Есептелген және төленбеген пайыздар

Жатпайды

19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигация бойынша сыйақы не облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтар алу құқығы

Облигация ұстаушылардың келесі құқықтары бар:

– Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды Облигациялар проспектісінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде алу құқығы;

– Облигациялар бойынша сыйақыны Облигациялар проспектісінде көзделген мерзімдерде және мөлшерде алу құқығы;

– Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;

– Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;

– Облигацияларды еркін иеліктен шығару және басқаша басқару құқығы;

– Эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және Облигациялар проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы;

– Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

2) эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы.

Өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығару жағдайында осы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі

Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздемелердің кез келгені басталған кезде Эмитент Облигацияларды келесі бағалардың ең үлкені бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті: (1) жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға немесе (2) «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған Облигациялардың нарықтық бағасы (мұндай баға болған кезде) немесе (3) Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған баға (егер Облигациялар ұйымдасқан бағалы қағаздар нарығында айналысқа түспесе).

Эмитент Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың кез келгені туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



күні ішінде Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Эмитенттің (www.kdb.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларын сатып алу туралы хабарлайды. Көрсетілген хабарламада: (i) Облигацияларды сатып алуға әкелетін осы оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы ақпарат; (ii) Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-қимылдарын, соның ішінде Эмитентке талап қоюды қолдану тәртібі мен мерзімдерін атап өту; (iii) Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат қамтылуы керек.

Облигацияларды ұстаушылардың кез келгені Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың кез келгені туралы хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитентке (Эмитенттің орналасқан жері бойынша) өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы тиісті жазбаша талап беру арқылы өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Облигацияларды ұстаушы жазбаша талапты еркін нысанда мынадай деректемелерді көрсете отырып береді:

- заңды тұлға үшін: Облигация ұстаушының атауы; бизнес сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті (анықтаманы) беру күні және беру органы; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефон нөмірлері; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;

- жеке тұлға үшін: Облигация ұстаушының тегі, аты және бар болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген орган; тұрғылықты жері; телефон нөмірлері; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптарын қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейінгі күнтізбелік 45 (қырық бес) күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды, онда сатып алу күні мен сатып алуға жататын Облигациялар саны көрсетіледі. Сатып алуға жататын Облигациялар санын Эмитент Облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша сатып алу талаптары негізінде ғана айқындайтын болады.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Эмитенттің ішкі құжаттарында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Эмитенттің (www.kdb.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушыларды хабардар етеді.

Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде жүргізуі тиіс.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың проспектіде көрсетілген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқығы бар.

Эмитент осы проспектіде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда, сондай-ақ Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда Эмитенттің өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығын Облигацияларды ұстаушылардың сату шарттары, тәртібі мен мерзімдері тиісінше проспектінің 12 және 20-тармақтарында көзделген.



3) өзге де құқықтар

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға құқықтан туындайтын өзге де құқықтар.

20. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

1) туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі

Дефолт – Эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамауы.

Басталған кезде Облигациялар бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы») Эмитенттің осы проспектіде көзделген негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімдері өткеннен кейін Облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) купондық сыйақының сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамауы болып табылады.

Эмитенттің осы проспектіде белгіленген мерзімдерде сыйақыны және (немесе) Облигациялардың номиналды құнын төлемеуі не толық төлемеуі, егер мұндай төлемеу және (немесе) толық емес төлем Эмитенттің сыйақы және (немесе) номиналды құнын төлеуді жүзеге асыруын мүмкін емес ететін Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылардың банктік шотының дұрыс емес не толық емес деректемелерін алуының нәтижесі болса, не «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ Облигацияларды ұстаушылар тізілімінің эмитентіне заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімдерде ұсынбауы Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар

Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда, Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың пайдасына ақшалай міндеттеме орындалған күнге немесе оның тиісті бөлігіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті.

Егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, Эмитент проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілері және т.б.) деп басталуын болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған жағдайлар түсініледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақыт кезеңіне пропорционалды түрде шегеріледі.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) ұстаушылардың Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) сатып алуға мәлімделген Облигациялар санын көрсете отырып, жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша сатып алу туралы жазбаша талаптарын қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Эмитент Облигация ұстаушылардың жалпы

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және (немесе) Облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін қайта құрылымдау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы мәселелер енгізілуі тиіс, бұл Облигацияларды ұстаушылар сатып алуға мәлімдеген Облигациялардың (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарының) көлемін және (қажет болған жағдайда) Облигациялар шығарылымының проспектісіне ықтимал өзгерістер жобасын ескере отырып жасалуы тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және (немесе) Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін қайта құрылымдау жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмесе және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін еместігі және (немесе) Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін қайта құрылымдау мүмкін еместігі туралы шешім қабылданатын болса, сондай-ақ егер Эмитент борышкердің кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмауы кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімдерде Облигациялар ұстаушылардың алған жазбаша талаптары бойынша Облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) купондық сыйақының сомасын төлеу және Облигацияларды сатып алу жөніндегі өз міндеттемелерін, Эмитенттің және Облигациялар ұстаушылардың (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың) одан әрі іс-қимылдарын орындамаса, Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындысы бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент осындай Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады. Дефолт оқиғасы орын алған жағдайда, Эмитент Дефолт оқиғасы туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ішкі құжаттарында, Биржаның ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен Эмитенттің (www.kdb.kz), Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы Облигация ұстаушыларына Дефолт оқиғасы туралы хабарлайды. Хабарламада мыналар қамтылуы керек:

- i. дефолт фактісі туралы ақпарат;
- ii. дефолт туындаған күнге Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;
- iii. Дефолт оқиғасына әкелген міндеттемелерді орындамау себептері;
- iv. Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-қимылдарын, соның ішінде Эмитентке талап қоюды қолдану тәртібі мен мерзімдерін атап өту;

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



v. Дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептерді жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;

vi. Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты жария етуді тапсыру көзделмеген.

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалар - жоқ.

21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы

Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы проспектіге №1 қосымшада келтірілген.

22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Жатпайды

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

Қолданылмайды.

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

1) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

толық атауы: «Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы «Halyk Finance» акционерлік қоғамы

қысқартылған атауы: «Halyk Finance» АҚ

2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері: өкілінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А05А1В9, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 109 В, 5-қабат.

байланыс телефондарының нөмірлері: +7 (727) 339-43-77

3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі: б/н, 20.10.2023


Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Уәкілетті тұлға



(электрондық цифрлық қолтаңба)

**АБИШЕВА БОТАГОЗ
ТОКТАГУЛОВНА**

(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



№ 1 қосымша. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлінісінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражаты көздері мен түсімдерінің болжамы

млрд тенге

Күні/Атауы	қар.- жел. 2024	1П 2025	2П 2025	1П 2026	2П 2026	1П 2027	2П 2027	1П 2028	2П 2028	1П 2029	2П 2029	1П 2030	2П 2030	1П 2031	2П 2031	1П 2032	2П 2032	1П 2033	2П 2033	1П	2П
Депозиттер [1]	857,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Кредиттік портфель бойынша жалпы түсім [2]	197,0	451,1	317,4	295,1	390,3	215,0	231,1	189,4	216,9	178,9	203,2	161,8	128,2	95,6	125,9	87,3	102,5	82,0	82,6	93,2	84,4
Қарыз портфелі бойынша жалпы түсім [2]	-134,1	-520,1	-260,8	-383,1	-165,5	-606,5	-151,5	-156,9	-96,7	-79,8	-428,4	-90,0	-106,5	-158,7	-88,6	-30,5	-42,9	-26,9	-82,7	-52,6	-128,9
Инвестициялық портфель бойынша ағымдағы жалпы түсім [2]	103,8	8,6	8,5	37,6	48,9	84,8	30,4	114,0	4,4	105,5	22,5	64,0	12,8	0,9	0,9	2,8	0,9	0,8	0,9	6,0	0,8
КӘШ, КТС және НҚ мен МЕА сатып алу бойынша кетім [3]	-2,3	-42,1	-6,0	-55,8	-6,1	-80,3	-6,3	-110,3	-6,6	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Барлығы Түсім	1157,8	459,7	326,0	332,8	439,2	299,8	261,5	303,4	221,4	284,4	225,8	225,8	141,0	96,6	126,8	90,1	103,3	82,8	83,5	99,2	85,2
Барлығы Кетім	-136,4	-562,2	-266,8	-438,9	-171,6	-686,8	-157,9	-267,3	-103,3	-79,8	-428,4	-90,0	-106,5	-158,7	-88,6	-30,5	-42,9	-26,9	-82,7	-52,6	-128,9
ТАЗА ГЭП - ПОЗИЦИЯ	1021,4	-102,5	59,2	-106,1	267,6	-387,0	103,6	36,2	118,0	204,6	-202,6	135,8	34,4	-62,1	38,2	59,6	60,5	55,9	0,8	46,6	-43,7
КУМУЛЯТИВТІ К ҚАЛДЫҚ (+) /АЖЫРАУ/ҮЗІЛІ С (-)	1021,4	919,0	978,1	872,0	1139,6	752,6	856,2	892,4	1010,5	1215,1	1012,5	1148,2	1182,7	1120,5	1158,7	1218,3	1278,8	1334,7	1335,4	1382,0	1338,3

[1] Оның ішінде корреспонденттік шоттардағы және «кері РЕПО» операциялары бойынша ақша қаражатының қалдықтары есепке алынады.

[2] Бұл болжамдар Шоғырландырылмаған негізде 01.11.2024 жылға арналған өтімділік деңгейі туралы есеп негізінде есептелген (1-сценарий).

[3] КӘШ, КТС және НҚ мен МЕА сатып алу, дивидендтер төлеу бойынша түсімдер/ағындар Банктің 2024 - 2028 жылдарға арналған даму жоспарынан (түзету жобасы) алынды.